

**"ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы"-ның
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелерін қоғамдық талқылау
ХАТТАМАСЫ**

02.12.2024ж

Атырау қаласы

Төрағалық етуші – орынбасар Есқалиев Д.

Қатысқандар: бөлім меңгерушілері, жұмыс тобының мүшелері

Спикерлер:

СЖТІТ нәтижелерін талқылауды орынбасар Д.Есқалиев ашып, барлық жиналғандарды қарсы алды, талқылауға қатысушыларды таныстырды.

Ағымдағы жыл үшін біздің ауруханада 2024 жылдың 19 қарашасы мен 10 желтоқсаны аралығында СЖТІТ жүргізді. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру» ТНБ-4 жобаларын іске асыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талқылауды өткізу қажет. Қоғамдық талқылауға барлық мүдделі тараптар, соның ішінде аурухана қызметкерлері мен пациенттер қатыса алады. 2024 жылдың 25 қарашасында аурухананың ресми oculi.kz сайтында нақты деректер, уақыт пен орын көрсетілген СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талқылау басталғаны туралы хабарландыру орналастырылды.

Алайда, бұл туралы қоғамдық талқылауда аурухана пациенттері мен басқа қызметкерлер тарапынан ешқандай ұсыныс болған жоқ.

Комплаенс офицер –Салиманова Б. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес Кәсіпорын қызметінде СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілгенін хабарлады:

1. Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық – басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ мыналар негізінде жүзеге асырылды:

- «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы No 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы No 21

бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары

- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық

- "ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы"-ның Директорының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 2024 жылғы 12 қарашадағы № 165 бұйрығы

СЖТІТ келесі принциптер бойынша жүзеге асырылады:

- объективтілік
- сенімділік
- ашықтық
- жан-жақтылық

СЖТІТ нәтижелері бойынша жұмыс тобы талдамалық анықтама дайындады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысын болдырмау және оның алдын алу бойынша ұсыныстарды талқылады.

СЖТІТ өткізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері:



Орынбасар, жұмыс тобының төрағасы  Ескалиев Д.

Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашы  Канаева Г.

Аға есепші  Ундаганова А.

Фармацевт  Султангереева Н.

Комплаенс офицер  Салиманова Б.

Директор   Кусайнов М.